

## «БЕКІТЕМІН»

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің  
Тәрбие жұмысы және әлеуметтік  
даму жөніндегі проректоры  
Ж.Е.Ішпекбаев  
«15» \_\_\_\_\_ 2018 ж.



## «Лидер» клубының ЕРЕЖЕСІ

### I. Жалпы ережелер

Педагогика және психология институтының Жалпы, жас ерекшелік және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д., профессор Р.К. Бекмағамбатованың ұсынысымен 2011-2012 оқу жылында «Лидер» студенттер үйірмесі эксперимент ретінде құрылып, өз жұмысын екі бағытта жүрді:

- Студенттердің ғылыми жұмысы;
- Тәрбие жұмысы.

Үйірме жетекшісі міндетін кафедраның аға оқытушысы Алимбекова А.А. атқарды.

2014 жылы 18 қарашасында «Лидер» СУ-нің «Студенттердің лидерлік сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары» атты I ғылыми конференциясы өтті. Конференцияға профессор - оқытушы құрамы, студенттер қатысып баяндамалары тыңдалды, сонымен қатар белгілі Ресей ғалымы п.ғ.д., профессор Л.Н. Мардахаев «Лидер и лидерства в социально-педагогической деятельности» тақырыбында баяндама жасады.

А.А. Алимбекова 2016 жылы қорғаған «Болашақ педагогтардың лидерлік сапаларын дамытудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы (Ph.D) докторлық диссертациясының эксперимент бөліміне үйірме жұмыстарының нәтижесін негізге алды.

2017-2018 оқу жылынан бастап «Лидер» студенттер үйірмесі өз жұмысын

қайта жаңдандырды. «Лидер» СУ-нің Ережесі жаңадан толықтырылып, жоспары құрастырылды.

### **Қазір үйірме жұмысы 3 бағытта жүреді:**

1. Студенттердің ғылыми -зерттеу жұмысы.
2. Студенттердің тәрбие жұмысы
3. Студенттік өзін-өзі басқару

### **«Лидер» студенттер үйірмесінің мақсаты:**

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби лидерлік сапаларын дамыту арқылы, қоғам сұранысына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандар даярлау. «Лидер» үйірмесінде студенттердің өзін-өзі басқару органдарының жұмысына басымдылық беріледі. Студенттердің өзін-өзі басқару бағыты жүйелі іске қосылған кезде, студенттердің ғылыми - зерттеу және тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігі артады.